

Қауіпсіздік нұсқаулығы

Қоршаған орта туралы ақпарат

Ақшаны үнемдеумен бірге қоршаған орта әсерін азайту

Тұтынылатын қуат және белсендіру уақыты

Құрылғы тұтынатын электр көлемі құрылғыны пайдалану жолына байланысты болады. Бұл өнім электр шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін етіп жасалған және реттелген. Соңғы баспадан кейін ол Дайын режиміне ауысады. Бұл режимде, қажет болса, ол қайтадан бірден басып шығара алады. Өнімді уақытша пайдаланбасаңыз, құрылғы Қуатты үнемдеу режиміне ауысады. Бұл режимдерде құрылғы аз қуат (Вт) тұтынады. Белсендіру уақытын ұзарту немесе Қуатты үнемдеу режимін толықтай ажырату қажет болса, ұзағырақ уақыт аралығынан кейін немесе мүлдем құрылғының тек аз энергия деңгейіне ауысуы мүмкін екенін қарастырыңыз. Сапоп компаниясы Белсендіру уақытын әдепкі ретінде орнатылған оңтайлы уақыттан ұзартуға кеңес бермейді.

Energy Star®

Energy Star® бағдарламасы — энергияны үнемдейтін тиімді үлгілерді жарнамалауға және сатуға арналған еркін жоба, бұл қоршаған ортаға әсерін азайтуға көмектеседі.

Қоршаған ортаға тиімділігі және энергия тұтыну көлемі бойынша Energy Star® бағдарламасының қатаң талаптарына сай өнімдерге тиісті Energy Star® логотипі болады.

Қағаз түрлері

Бұл өнімді EN12281 стандартына немесе ұқсас сапа стандартына сәйкес келетін қайта өңделетін және таза қағазда (қоршаған ортаны қорғау жобасы үшін сертификатталған) басып шығаруға болады. Сонымен бірге, онымен салмағы 64 г/м² аз медиа құралында басып шығаруға болады, жеңіл қағаз аз ресурстар қолданады және басып шығару қажеттіліктері үшін қоршаған ортаға аз зиян келтіреді дегенді білдіреді.

Құрылғыны орнатпас бұрын, осы ақпаратты міндетті түрде оқып шығыңыз. Болашақта қолдану үшін, қолжетімді жерде сақтаңыз.

⚠ Қауіпсіздік шаралары

Құрылғыны қауіпсіз пайдалану үшін, осы қауіпсіздік бойынша сақтандырулар мен ескертулерді оқып шығыңыз. Құрылғыны осы құжатта немесе бірге келетін нұсқаулықтарда сипатталғаннан басқа әдіспен қолданбаңыз. Бұл күтпеген жерден апаттың орын алуына, өрт шығуына немесе ток соғуына алып келуі мүмкін.

⚠ Абайлаңыз

Келесі нұсқаулар орындалмаса, жабдықтың дұрыс қолданылмауы өлімге немесе ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Жабдықты қауіпсіз қолдану үшін, осы нұсқауларды орындау керек.

⚠ Ескерту

Келесі нұсқаулар орындалмаса, жабдықтың дұрыс қолданылмауы жарақат алуға немесе мүлікке зақым тиюіне себеп болуы мүмкін. Жабдықты қауіпсіз қолдану үшін, осы нұсқауларды орындау керек.

■ Орналастыратын жерді таңдау

⚠ Абайлаңыз

- Құрылғыны спирт немесе еріткіш секілді тез өртенгіш заттардың жанына қоймаңыз.


⚠ Ескерту

- Құрылғыны тұрақсыз немесе тым көп дірілдейтін жерге орнатпаңыз.
- Құрылғыны қатты ылғал, шаң, күн сәулесі тікелей түсетін жерге, далаға немесе жылу көзіне жақын орнатпаңыз.
Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін, құрылғыны «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде берілген жұмыс ортасына қойылатын талаптарға сай қолданыңыз.
- Құрылғыны қалың палас немесе кілемнің үстіне қоймаңыз.
- Құрылғыны артын қабырғаға тіреп қоймаңыз.


■ Қуат

⚠ Абайлаңыз

- Құрылғымен бірге берілген қуат кабелін қолданыңыз.
Құрылғының жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды «Техникалық сипаттамалар» бөлімінен қараңыз.
Құрылғыны көрсетілген қуат көзіне жалғаңыз.
- Ылғалды қолмен құрылғыны қуат көзіне қосуға немесе одан ажыратуға әрекет жасамаңыз.
- Штепсельдік ұшты қабырға розеткасына әрқашан толығымен енгізіңіз.
- Қуат сымын зақымдауға, жөндеуге, тартуға немесе шектен тыс июге немесе орауға болмайды. Қуат сымының үстіне ауыр зат қоймаңыз.




- Құрылғының қуат сымын басқа жабдық қосылған розеткаға қоспаңыз (ұзартқыш сым, 2 немесе 3 қосқышы бар адаптер және т.б.).




- Қуат сымы түйінделіп немесе шиеленісіп қалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.

- Егер құрылғының айналасынан түтінді, ерекше иісті немесе шуды байқасаңыз, оны қуат көзінен ажыратып, қызмет көрсету маманын шақырыңыз.
- Жүйелі түрде құрылғыны қуаттан ажыратып, құрғақ шүберекпен штепсельдік ұш пен розеткада жиналып қалған шаңы мен ластануын сүртіп тұрыңыз. Егер құрылғы шаң, түтін көп болатын немесе ылғалдылығы жоғары жерге қойылған болса, штепсельдік ұшта жиналған шаң ылғалдықты тартып, нәтижесінде ақаулық пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Күннің күркіреуін естісеңіз, құрылғыдан қуат көзін ажыратып, оны қолданудан тартыныңыз. Найзағай күшіне байланысты құрылғыны тоққа қосулы қалдырып кету өрт шығу, ток соғу немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Қуат сымын айына бір рет ажыратып, сымда немесе штепсельдік ұшта қызып кету, тат басу, майысу, сырылу, үзілу деген сияқты белгілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жоғарыда аталғандардың бірі байқалса, қуат сымын/штепсельдік ұшты ток көзінен ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Өйтпесе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



⚠ Ескерту

- Қажет болғанда, қуат сымын оңай ажырату үшін, розетканың айналасы әрқашан таза болу керек.
- Штепсельдік ұшты қуат сымынан тартып ажыратпаңыз. Қуат сымын тарту сымды зақымдап, нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Ұзартқыш сымды пайдаланбаңыз.



■ Құрылғыны тазалау

⚠ Абайлаңыз

- Құрылғыны тазалау үшін, дымқыл шүберек пайдаланыңыз. Спирт, бензол немесе еріткіштер тәрізді тез өртенгіш заттарды қолданбаңыз. Егер тез өртенгіш еріткіш заттар құрылғының ішіндегі электр бөліктеріне тисе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны қуат көзінен ажыратыңыз. Тазалап жатқанда, байқаусызда қосылып кетсе, өзіңіз жарақат алуыңыз немесе құрылғы бұзылуы мүмкін.



■ Құрылғыға техникалық қызмет көрсету

⚠ Абайлаңыз

- Құрылғыны бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет жасамаңыз. Құрылғының ішінде пайдаланушы өзі жөндей алатын бөлшектер жоқ. Құрылғыда кернеуі жоғары құрамдас бөлшектер бар. Осы ақпараттық құжатта сипатталмаған жөндей жұмыстарын орындауға әрекет жасамаңыз.
- Құрылғының қосқышына ұсынылған тізімде жоқ құрылғыларды қоспаңыз (кабель қосқышы немесе тікелей басып шығару порты және т.б.). Бұл өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

■ Құрылғының айналасында жұмыс істеу

▲ Абайлаңыз

- Құрылғының қасында тез өртенгіш бүркетін құралды қолданбаңыз. Егер бүркетін құрал құрылғының ішіндегі электр бөліктеріне тисе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Бұл өнім төмен деңгейдегі магниттік өріс шығарады. Кардиостимулятор пайдалансаңыз және ауытқу барын сезінсеңіз, құрылғыдан алысырақ кетіп, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

▲ Ескерту

- Құрылғы басып шығарып жатқан кезде ішіне қолдарыңызды немесе саусақтарыңызды салмаңыз.
- Құрылғыны жылжитқан кезде, екі шетінен де ұстап қозғалтыңыз. Егер құрылғы салмағы 14 килограмнан жоғары болса, оны екі адам болып көтеруге кеңес беріледі. Байқаусызда құрылғыны түсіріп алсаңыз, жарақаттануыңыз мүмкін. Құрылғының салмағын «*Техникалық сипаттамалар*» бөлімінен қараңыз.
- Құрылғының үстіне ешқандай зат қоймаңыз. Әсіресе құрылғының бетіне темір заттар (қағаз қысқыштар, қыстырғыштар, т.б.) немесе тез өртенгіш еріткіштері (спирт, еріткіштер, т.б.) бар ыдыстарды қоймаңыз.
- Құрылғының ішіне бөтен заттардың түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Егер құрылғының ішіне қандай да бір бөтен зат (темір немесе сұйық) кіріп кетсе, құрылғыны өшіру үшін, қуат түймесін басып, қуат сымын ажыратып, қызмет көрсету маманын шақырыңыз.
- Құрылғыны еңкейтіп, тігінен немесе төмен қаратып тасымалдамаңыз. Әйтпесе, ішіндегі сиясы ағып кетіп, құрылғыны зақымдауы мүмкін.

■ Құрылғының айналасында жұмыс істеу (Көп функциялы принтер үшін)

▲ Ескерту

- Жалпақ әйнекке қалың кітап қойған кезде, қақпағын қатты баспаңыз. Жалпақ әйнек сынып, нәтижесінде жарақат алуыңыз мүмкін.

■ Баспа ұштары/сия ыдыстары және FINE картридждері (FINE Cartridges)

▲ Ескерту

- Сия ыдыстарын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Егер сия* байқаусызда ауызына кіріп немесе жұтып қойса, ауызды шайыңыз немесе бір-екі шыны су ішкізіңіз. Тітіркену немесе жағымсыз әсер кетпесе, дереу медициналық көмек алыңыз. * Түссіз сияның құрамында нитрат тұздары болады (түссіз сиялы үлгілер үшін).
- Егер сия көзге тиіп кеткен болса, дереу оны сумен шайыңыз. Сия теріге тиген жағдайда, теріні сабынмен және сумен дереу жуыңыз. Егер көздегі немесе терідегі тітіркену кетпесе, дереу медициналық көмек алыңыз.
- Басып шығарып болғаннан кейін баспа ұшындағы немесе FINE картридждеріндегі (FINE Cartridges) электр түйіспелерін ұстамаңыз. Темір бөлшектері өте ыстық болғандықтан, теріңіз күйіп қалуы мүмкін.
- Сия ыдыстарын және FINE картридждерін (FINE Cartridges) отқа тастамаңыз.
- Баспа ұшын, сия ыдыстарын және FINE картридждерін (FINE Cartridges) бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет жасамаңыз.

■ Батареяны тастау туралы (литийлі батареямен істейтін үлгілер үшін)

- Пайдаланылған батареяларды жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.

Болашақта қолдану үшін, қолжетімді жерде сақтаңыз.